

Р.Б.Мейрбекова, С.Ж.Жақсыбеков

# ӘН ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫ – ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ «ӨНЕР» КАФЕДРАСЫ

Р. Мейрбекова  
С. Жақсыбеков

## ӘН ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Шымкент 2019 ж.

Р. Мейрбекова С. Жақсыбеков

Ән дәстүрін зерттеудің әдістемесі: Оқу құралы – Шымкент, 2019ж. 43б.

Өңделіп, толықтырған 2-ші басылымы.

ISBN 9965-516-54-5

050106 Музыкалық білім мамандығының күндізгі және сыртқы оқу бөлімінің студенттеріне арналған оқу құралы

Пікір берушілер:

Арипбаева Л. Ш. - ХҚТУ – ның аға оқытушысы педагогика ғылымының кандидаты, ҚР мәдениет қайраткері.

Шойнбаев Қ. А. - ҚР еңбек сіңірген әртісі ХҚТУ-нің профессоры

Ибрагимов Х. Е. - ОҚО Саз колледжінің. Хорды дирижерлау бөлім меңгерушісі

Ұсынылып отырған оқу құралы хордың жас жетекші – дирижерларына арналып, оқушыларға хор және оны басқару туралы негізгі мәліметтер беру үшін көмекші құрал ретінде жазылған. Оқу құралы бес бөлімнен құралды. Бұл оқу құралын толық меңгеру үшін хор жетекші – дирижердың бір музыка аспабын ойнай білу, (мүмкіндігінше фортепиано) есту сезімі жақсы жетілген, хор басқаруда немесе хорда әнші ретінде қатысуы жағынан аз да болса тәжірибесі музыкалық теориясынан сауаты бар болуы керек.

Баспаға Халықаралық гуманитарлы-техникалық университетінің оқу әдістемелік кеңесі ұсынған (№ 9 хаттама 21.05.2009ж)

ISBN 9965 – 516 – 54 - 5

© Р. Мейрбекова С. Жақсыбеков 2019

## АЛҒЫ СӨЗ

Хор жанры халық арасына кеңінен таралып, жыл сайын канат жайып, дамып келеді. Хор - әр түрлі дауыста ән салатын адамдардан топтасып, ұйымдасқан ұжым. Оларды шығармашылық бағыттарына қарай екі түрге бөлуге болады: академиялық хорлар немесе капеллалар және халық хорлары. Хорлардың бір-бірінен айырмашылығы орындаушылық шеберліктеріне ән айту үлгісі мен репертуарына байланысты. Халық хоры халықтық стильге бейім, яғни шығарманы халықтық үлгіде орындайды. Олардың ішінде орындау дәрежесі жағынан академиялық және халық хорларының белгілері қатар болатын ұжымдарда кездеседі. Ал академиялық хор – көп дауыста қосылып ән айтудың техникасын меңгерген, ән салу теориясын жетік білетін, әнді жинақы жабық дауыспен академиялық үлгіде айтып жаттыққан ұжым.

Хор ұжымдарын құру, оның жұмысын бір жүйеге келтіру хор жетекшілеріне жүктеледі. Мұндай ұжымдарға саздық оқу орындарының, опера театрларының хорлары, капеллалар және кәсіби ән-би ансамбльдері жатады. Концерттерде саздық шығармалар хор жетекшісінің, яғни дирижердың басқаруымен орындалады. Хордағы әр түрлі дауыстардың бір - бірімен үйлестігі, интонациясының тазалығы, дикциясының анық шығуы, хорды ұйымдастырудың негізгі принциптері болып саналады.

## І – БӨЛІМ

### БІРЫҢҒАЙ ЖӘНЕ АРАЛАС ХОР. ХОРДЫҢ ПАРТИЯСЫ

Хорлар бірыңғай немесе аралас хорларға бөлінеді. Бірыңғай хорларға балалар хоры, әйелдер немесе еркектер хоры жатады. Ал егер де хор әйелдер (немесе балалар) және еркектерден араласып ұйымдасса, оны аралас хор дейді.

Хор партиясы деп – хордағы дауыстардың шығу диапазоны шамалас және дыбыс болу (тембрі) тектес әншілердің бір тобын айтады. Әрбір бірыңғай хордың партиялары болады, яғни жоғарғы дауыс партиясы және төменгі дауыс партиясы. Балалар хорында жоғарғы жіңішке, дауыс партиясын - дисканттар, ал төменгі сәл жуан дауыс партиясын - альттер дейді.

Еркектер хорында жоғарғы дауыс партиясын – тенорлар, төменгі дауыс партиясын – бастар (баритондар, бастар немесе октавистер) дейді.

### ХОРДАҒЫ ПАРТИЯЛАРДЫ ДИВИЗИЯЛАРҒА БӨЛІП АЙТУ

Ән бірыңғай хор үшін тек екі дауысқа ғана емес, кейде үш, төрт немесе көп дауыстарға арналып та жазылады. Бұл кезде хордағы әр партиялар топтарға бөлінеді, олар өздері жеке партия құрайды және бұл бөлінудің көп дауыстар құрауда үлкен маңызы бар. Дауыстар мұндай топтарға бөлуді – дивизияларға бөлу дейді.

Партия екі, үш кейде төрт немесе оданда көп дауыстарға бөлінуі де мүмкін.

### БІРЫҢҒАЙ ХОРЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ

Бірыңғай хорлардың басқа құрамдарындағы әншілердің саз жағын қозғамай - ак оның негізгі құрамына келейік.

#### А. БІРЫҢҒАЙ БАЛАЛАР ХОРЫ

Бірыңғай балалар хоры дискант пен альт деп негізгі екі хор, партиясына бөлінеді (дискант - көтеріңкі дауыс, альт - басыңқы дауыс) ән жазылуына қарай орындалады. Хорда бір дауысты әнді орындағанда дискант пен альт партиялары қосылып әнді унисонмен, яғни бір дауыспен айтатын болады. Енді, бұл дискант пен альт партиялары бір қосылып айтатын, бір дауысты әнге мысал келтірейік.

## «Біріншіге барамын»

Өлеңі: С.Сеитовтікі  
Әні: Т. Тайбековтікі

Музыкальдік нота және ән сөздері. Музыкальдік нота екі жолға бөлінген: үстінде ән партиясы, төменде фортепиано аспабының нотасы. Ән сөздері нотаға сәйкес жазылған.

*mf*  
Бі - ыл күз - де мек - теп - ке, е - ей,  
бі - рін - ші - ге ба - ра - мын

## Б. БІРЫҢҒАЙ ӘЙЕЛДЕР ХОРЫ

Бірыңғай әйелдер хоры сопрано, альт деп негізгі екі хор партияларына бөлінеді. Мұнда да ән жазылуына қарай орындалады. Егер де ән бір дауысты болып жазылса, онда хордағы сопрано мен альт тобы әнді бір дауыспен қосылып айтатын болады. Ал ән екі дауыста болып жазылса, бұл кезде сопрано мен альт тобы өздеріне жазылған дауыстарды бөліп жеке - жеке орындайтын болады. Дауыстарды дивизияларға бөлгенде үш, төрт кейде одан да көп дауыстарға бөлінеді.

Енді бірыңғай әйелдер хоры үшін бір дауысты және екі дауысты әндерді келтірейік. Бір дауысты әйелдер хорына мысал ретінде Н. Нүсіпбаевтың сазына жазылған «Домбырасыз сән қайда» атты әнін және екі дауыста Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін алуға болады. Сүйемелдеусіз а саррелла.

## «Домбырасыз сән қайда»

Өлеңі: Х. Талғаровтікі  
Әні: Н. Нүсіпбаевтікі

Көңілді. әнлетте

Музыкальдік нота және ән сөздері. Музыкальдік нота екі жолға бөлінген: үстінде ән партиясы, төменде фортепиано аспабының нотасы. Ән сөздері нотаға сәйкес жазылған.

Ел - дің жы - рын жыр - ла - ған, қай - ғы - сын да тол - ға - ған,

дом - бы - ра - сыз еш - ка - шан жү - рек - ке ем қам - ба - ган.

«Желсіз түнде жарық ай»

Өлеңі мен әні: Абайдікі

Хорға лайықтаған: Т. Нұрынбетов

Орташа екпінде

Жел - сіз түн - де жа - рық ай, сәу - ле - сі су - да

ді - ріл - деп. Ау - ыл - дың ма - ны те - рең

Ау - ыл - дың ма - ны те - рең

сай, та - сы - ган ө - зен ді - ріл - деп.

сай, та - сы - ган ө - зен гү - ріл - деп.

Үш дауысты әйелдер хорында дауыстардың бөлуіне байланысты құрамдар мына түрде болуы мүмкін:

а) бірінші сопрано, екінші сопрано және альт партиясы

б) сопрано, бірінші альт, екінші альт партиясы.

Әйелдер хорының бірінші: А) құрамына мысал ретінде

Ш. Қалдаяқовтың сазына жазылған «Ақмандайлым» әнін және екінші құрамына қазақтың халық әні «Ақдариға» алуға болады.

### «Ақмандайлым»

Әні: Ш.Қалдаяқовтікі

Орташа екпінмен

Көк май - са А - ла - тау - дың көк - те - рін - де

The first system of the musical score for 'Akmandaylym' consists of three staves. The top staff is the vocal line with lyrics 'Көк май - са А - ла - тау - дың көк - те - рін - де'. The middle and bottom staves are piano accompaniment. The music is in 4/4 time and G major.

гүл тер - дік жас - тық шақ - тын көк - те - мін - де

The second system of the musical score for 'Akmandaylym' consists of three staves. The top staff is the vocal line with lyrics 'гүл тер - дік жас - тық шақ - тын көк - те - мін - де'. The middle and bottom staves are piano accompaniment. The music continues in 4/4 time and G major.

Екінші: Б) құрама үшін мысал:

### «Ақдариға»

Қазақтың халық әні

Өңдеген: Тен Чу

Екпіндетете

Қо - лым - да бір кам - шы бар бұл - дір - ге - лі, ай,

The musical score for 'Akdariga' consists of two staves. The top staff is the vocal line with lyrics 'Қо - лым - да бір кам - шы бар бұл - дір - ге - лі, ай,'. The bottom staff is piano accompaniment. The music is in 4/4 time and G major, marked with a forte (f) dynamic.

ай - та - йын мен бір сөз - лі күл - дір - ге - лі, ай, ай.

Төрт дауысты әйелдер хорында дауыстардың бөлінуі: бірінші сопрано, екінші сопрано, бірінші альт және екінші альт партиясы.

Бұған мысал ретінде казактың халық әні «Әсетті» алуға болады.

### «Әсет»

Әні: Әсет Найманбайұлынікі  
Өңдеген: Тен Чу

#### Асықпай

Ә - сет - тей сол ән сал - сан а - ны - ра - тып ай, ор - ман, то - ғай ө - зен - ді.

## АРАЛАС ХОР

Хор әйелдер немесе балалар және еркектерден араласып ұйымдасса, оны аралас хор дейді. Аралас хорда екі дауыс тобы бар: олардың жоғарғысы әйелдер даусы немесе балалар даусы: төменгісі еркектер даусы. Төрт дауысты аралас хорда мынадай дауыс партиялары болады: олар сопрано, альт, тенор және бас партиялары.

Бұған мысал ретінде Абайдың сөзіне жазылған муз.

Н. Тлендиевтың «Ішім өлген, сыртым сау» атты хоры болады.

### «Ішім өлген сыртым сау»

1959 ж

сөзі: Абайдікі

әні: Н. Тлендиевтікі

*Andantino rigoroso*

Аралас хордың құрамында бірінші сопрано, екінші сопрано, бірінші альт, екінші альт және тенор, бас болыпта бөлінеді. Оған мысал ретінде С.Абдинуровтың сөзіне жазылған «Бейт - Симфония» атты хорын алуға болады.

# «Бейт-Симфония»

С. Абдинуровтікі II-Бөлім

Andata cantabile

1<sup>st</sup> S  
2<sup>nd</sup> S  
A  
1  
2  
T  
B

Қай-ран еркін за-ман-да-рын тар-лық-қа жок а-мал-да-рың ер-кін қай -

*p* Мм...

*p* Мм...

да - еркін - де гі көр-кін-қай да ту-лы - ну лы же-рің қай - да кө-лің қай -

*p* у...

у...

у...

да Ер-кін көш - кен е - лің қай да Ел кө - ры - ған е - рің қай -

*mf* о...

*mf* о...

### Бес дауысты құрам

1.  $(C_1 - C_2) + A + A + T + B$
2.  $C + (A_1 + A_2) + T + B$
3.  $C + A + (T_1 + T_2) + B$
4.  $C + A + T + (B_1 + B_2)$

### Алты дауысты құрам

1.  $(C_1 + C_2) + (A_1 + A_2) + T + B$
2.  $(C_1 + C_2) + A + (T_1 + T_2) + B$
3.  $(C_1 + C_2) + A + T + (B_1 + B_2)$
4.  $C + (A_1 + A_2) + (T_1 + T_2) + B$
5.  $C + (A_1 + A_2) + T + (B_1 + B_2)$
6.  $C + A + (T_1 + T_2) + (B_1 + B_2)$

### Жеті дауысты құрам

1.  $(C_1 + C_2) + (A_1 + A_2) + (T_1 + T_2) + B$
2.  $C + (A_1 + A_2) + (T_1 + T_2) + (B_1 + B_2)$
3.  $(C_1 + C_2) + A + (T_1 + T_2) + (B_1 + B_2)$
1.  $(C_1 + C_2) + (A_1 + A_2) + T + (B_1 + B_2)$

### Сегізінші дауысты құрам

$$(C_1 + C_2) + (A_1 + A_2) + (T_1 + T_2) + (B_1 + B_2)$$

Бұдан басқа да комбинациялар болуы мүмкін. Кейде екі немесе үш хормен орындалуы керек ететін саздық шығармаларда бар. Сөйтіп, орындалатын саздық шығармалардың дауыс санына қарай аралас хор бір дауысты, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз дауысты болуы мүмкін. Орыстың саздық әдебиетінде көп дауысты хорлар өте көп кездеседі.

## ХОРДЫҢ САН ЖАҒЫНАН ҚҰРАМЫ

Хорда дыбыстың шығу күші әрі тең, әрі анық болу үшін хор партияларының арасында теңдік сақтау керек.

Хор партияларының шығу күші қандай қатты немесе жай шықпасын олардың өзара дыбыс жағынан теңдігі болуы қажет. Хор партиялары ән үстінде, бір – бірін естіртпей, басып тастамайтын болсын.

А. Хор партиясының ең аз құрамы.

Әуелі партияларындағы орындаушылардың ең аз құрамы жайында түсінік алайық. Хорды бір дауыспен айтатын екі адам шынында хор

партиясын құрайды. Олай болса егіз орындаушы аралас хордың ең аз құрамы болады.

C2 + A2 + T2 + B2

Бірақ партиялардың ең аз деген құрамын белгілегенде хордың ерекше өзгешіліктері есте болуы керек.

Жеке әнші солистің тыныс алуы өлшеулі болады. Ал хор партияларының тыныс партитураның жазылуына байланысты ұзақ болуы мүмкін. Әнші-солист ән үстінде демін дамылсыз өзгертіп тұра алмайды.

Хорда әншілер кезек “тыныстайды”. Сондықтан ән үнемі үзілмей, тұтас ағымды болып шығады.

Хор әншілігінде мұндай ерекше тыныс алу әдісі ағымды, тұтас тыныстау деп аталады.

Бұл ағымды тұтас демалыс саздық шығарманың орган пункттерінде, яғни бас дыбыстарын созып, ұстап тұратын жерлерінде қолданылады.

Демді үзбей ағымды етіп алуға арналған бастағы орган пунктін мына мысалдан көреміз:

### «Балқадиша»

Ақан сері

Хорға лайықтаған И. Киселевская

#### Асықпай

М... Кыз(ы)е - дін Ы - бе - кең - нің Бал - қа - ди - ша, бү - рал - ған бе - дін

М... Бал қа ди

нә - зік а... тал, Қа - ди - ша - а

ша. Бал - қа - ди - ша.

Егер де, хор партиясы тек қана екі адамнан құралатын болса, бұл жағдайда жоғарыдағы айтылған ағымды, тұтас дем алысты қолдануға болмайды. Өйткені, бір адам ән үстінде дем алу үшін пауза жасап, тоқталып қала беретін болса, айтып тұрған екінші адам солист ретінде қалып қояды да, әнді хормен қосылып айту принципі бұзылады, дыбыстың шығу сапасы да кеміп кетеді. Сондықтан, хор партиясы кемінде үш адамнан құрылу керек, бір адам ән үстінде дем алу үшін пауза жасағанда қалған екеуі әнді айта

беретін болады. Жоғарыдағы айтылғанға байланысты, аралас хордың ең аз құрамы мынадай болсын.

$S3 + A3 + T3 + B3$

Мұнда партия құрамының саны жағынан тең болуын көрсеттік, бірақта жоғары дауыс партияларының санын көбейту үшін, бұл айтылған құрамнан шегінуге де бола береді.

## ХОРЛАРДЫҢ ӘР ТҮРЛЕРІ

Хорлар тек кана сан емес сапа жағынан яғни, кішкентай, орта, үлкен, біріңғай, аралас хорлар деп айрылмайды, олар орындалу профилі, алдында тұрған мақсаты, тәрбиелік маңызы жағынан айрылады. Бұл тұрғыдан алып қарағанда хорларды мына негізгі топтарға бөлуге болады:

1. Концерт хорлары ( хор капеллалары );
2. Ән және би мен драма театрларының хорлары
3. Халық хорлары
4. Саздық оқу орындарының хорлары
5. Мектеп хорлары
6. Өндіріс кәсіп орындары мен клубтағы көркемөнер үйірмелерінің хорлары, т.б.

## II – БӨЛІМ


### ХОР ПАРТИЯСЫНЫҢ ДИАПОЗОНЫ

Хордағы әр партияның белгілері бір диапозоны немесе дыбыс көлемі болады. Енді бірыңғай балалар, әйелдер және еркектер хорының дауыстарымен және олардың жалпы дауыс диапозондарымен, күнделікті қолданып жүрген дауыс диапозондарымен жеке-жеке танысайық.


**А.** Балалар хорының дискант, альт дауыстары.

1. Дискант партиясы скрипка кілтінде, бірінші октаваның соль немесе ля ноталары көлемінде жазылады (кейбір дауыстар бұл көрсетілген көлемнен асып кетеді). Ал, орташа көлемі бірінші октаваның фа нотасының, екінші октаваның фа нотасына шейін болады.

Енді, осы дискант тобының жалпы алатын дыбыс ретін келтірейік.




2. Альт партиясы скрипка кілтінде, кіші октаваның (соль) ля нотасынан, екінші октаваның фа ноталары көлемінде жазылады. Ал орташа көлемі бірінші октавалық до нотасынан, екінші октаваның до нотасына шейін болады.



Б. Әйелдер хорының сопрано, альт дауыстары.

1. Сопрано партиясы скрипка кілтінде (кіші октаваның ля) бірінші октаваның до нотасы көлемінде жазылады. Орташа көлемі 1-ші октаваның фа, соль нотасынан 2-ші октаваның фа, соль нотасына шейін болады.



## СОПРАНО ПАРТИЯЛАРЫНА КІРЕТІНДЕР

Колоратуралық сопрано, бұл дауыстардың жоғарғы регистр (дыбыстары) өте жетілген болады, ал дыбыстарды 3-ші октаваның до нотасынан да жоғары дыбыс ноталарын ала беретін болады.


Колоратуралық сопранода төменгі дыбыстардың шығуы нашар болады. Бұл колоратуралық сопраноның дыбыс бояуы ерекше және өте жіңішке болғандықтан, колоратуралық сопраноның дауыстары хордағы басқа сопрано партияларының дауыстарымен сәйкес үйлесіп кете алмайды. Лирико-колоратуралық сопрано бұл дауыстардың жоғарғы дыбыстары жетілген болады, ал үн шығу сипаты колоратуралық сопраноға ұқсас; бұл лирико-колоратуралық сопрано хорға қосылып айтуға жарамды. Лирикалық сопрано бұл дауыстың жоғарғы дыбыстары және хорда орта дыбыстары өте жақсы жетілген болады, хор партияларына өте лайықты, ал дивизияларға бөлінгенде бұл лирикалық сопрано бірінші дауысты орындайтын болады.

Лирико - драмалық сопрано, бұл дауыстың, жоғарғы дыбыстары өте күшті жетілген, ал орта дыбыстары жақсы, төменгі дыбыстары недәуір күшті болады, дауыстары хорға өте қажет.

Драмалық сопрано, бұл дауыстың жоғарғы дыбыстары өте күшті, орта дыбыстары жақсы, төменгі дыбыстары да күшті болып келеді, дауыстары хорға жарамды.

2. Альт партиялары скрипка кілтінде, кіші октаваның фа, соль ноталарынан 2-ші октаваның соль ноталары көлемінде жазылады.

Ал, күнделікті қолданылатын орташа көлемі 1 - ші октаваның до нотасынан 2 - ші октаваның до нотасына шейін болады. Мыс:



## АЛТ ПАРТИЯЛАРЫНА КІРЕТІНДЕР

Меццо-сопрано, бұл дауыстың жоғарғы дыбыстары жетілген, орта дыбыстары жақсы, төменгі дыбыстары жеңіл алынатын болады.

Дауыстар дивизияларға бөлінгенде бұл меццо-сопрано бірінші альт, партияларын орындауға лайықты.

Альттер, бұл дауыстардың орта және төменгі дыбыстары жақсы жетілген болады.

Контральто, бұл дауыстардың төменгі дыбыстары өте күшті, ал жоғарғы біркелкі ауыр алынады. Дивизияға бөлінгенде бұл контральто дауыстары екінші альт партияларын орындауға лайықты.

**В.** Еркектер хорының тенор, баритон, бас және октавистер дауыстары.

Тенор партиялары үлкен октаваның (ля) си-бемоль ноталарынан, 1-ші октаваның до ноталарына шейін жазылады.

Тенор партиялары хор партитурасында жеке жазылғанда оны скрипка кілтінде жазады (өзінің даусының негізгі шығуынан октава жоғары жазылады).



«Еңбек ұраны»  
IV- хор поэмасы

Муз: Б. Байқадамовтікі  
Сөзі: Ғ. Қайырбековтікі

Andante maestoso

S  
Ең - бек - пе - нен ор - кен - де ел ку - а - нар даң - қы -

A

T  
Ең - бек - пе - нен өр - кен - де ел ку - а - нар даң - қы -

B

на!

на!

В В В В В

«Хор»  
«Біржан - Сара» операсынан

Муз: М. Төлебаевтікі

Allegro

Тоя - га то -

Ыы ко-сыл-сын жас Са-ра-ның

Бірақ, кейде бас кілтінде де жазылады. Кейде аралас хордың партитурасы екі қатарынан құрылған бес нота сызықтарына жазылады, бұл кезде тенор партиялары өзінің айтатын регистрінде бас кілтінде және бас партияларының жазылатын нота сызықтарында жазылады. Орташа диапазонды кіші октаваның фа нотасынан, бірінші октаваның фа (соль) ноталарына шейін болады.

### ТЕНОР ПАРТИЯЛАРЫНА КІРЕТІНДЕР

Альтино тенорлары, бұл дауыстардың жоғарғы дыбыстары жақсы және жетілген болады.


Лирикалық тенорлар, бұл дауыстардың жоғарғы дыбыстарын жеңіл, ал орта дыбыстары өте жұмсақ алатын болады.

Драмалық тенорлар, бұл дауыстар жоғарғы дыбыстарды өте күшті, орта дыбыстар мен төменгі дыбыстарды жақсы алатын болады.

**Бас партиялары** хорда өте керекті құнды партиялардың бірі. Бас партияның төменгі регистрінде дыбыстар контроктаваның, ля, ля –бемоль, кейде соль ноталарына шейін, ал жоғарғы регистрінде дыбыстар бірінші октаваның, ми кейде фа ноталарына шейін жетеді.

Бас партияларының көп пайдаланылатын диапазоны үлкен октаваның ре, ре-бемоль ноталарынан, бірінші октаваның ми ноталары мөлшерінде жазылады. Бас партияларының көбінесе күнделікті қолданып жүрген диапазоны үлкен октаваның соль, ля нотасынан, 1 - ші октаваның до, ре ноталарына шейін жазылады.

орыстың хор әдебиетінде жалпы қолданылатын дыбыс көлемі



## БАС ПАРТИЯЛАРЫНА КІРЕТІНДЕР


Баритондар, дауыстың жоғарғы дыбыстары жетілген, күшті, ал төмен дыбыстары шамалы болады. Дивизияға бөлінгенде бұл дауыстар бірінші ба партиясын орындайтын болады.

Бастар, дауыстың жоғарғы дыбыстары күшті, орта және төмен дыбыстары өте жақсы шығады.


Октавистер, бұл дауыстардан төменгі жуан дыбыстары өте жақсы шығатын болады.

## БІРЫҢҒАЙ ЖӘНЕ АРАЛАС ХОРДЫҢ ДАУЫСТАРЫНЫҢ ДИАПАЗОНЫ


Жоғарыдағы айтылған бірыңғай және аралас хорлардың дауыс диапазондары мына түрде болады: балалар хорының диапазоны кіші октаваның (соль) ля ноталарынан бастап, 2-ші октаваның соль (ля дыбысына шейін болады.



Әйелдер хорының диапазоны: кіші октаваның фа нотасынан, 3-ші октаваның до нотасына шейін болады.




Еркектер хорының (октавистерді қоспағанда) диапазоны: үлкен октаваның ре, ми ноталарынан, 1-ші октаваның си немесе 2-ші октаваның до нотасына шейін, ал октавистер тобын қосқанда диапазоны контроктаваның соль, ля нотасынан, 1-ші октаваның си немесе 2-ші октаваның до нотасына шейін болады.



Толық аралас хордың (октавистер-тобын қосқанда) диапазоны контроктаваның соль, ля нотасынан, 3-ші октаваның до нотасына шейін болады.

Толық аралас хордың (октавистер-тобын қосқанда) диапазоны контроктаваның соль, ля нотасынан, 3-ші октаваның до нотасына шейін болады.



**ХОРДА ӘНШІЛЕРДІ ДАУЫСТАРҒА БӨЛУ ЖӘНЕ ХОРҒА ЖАТТЫҒУ**

Хорға бірінші рет келген жас әншінің дауыс диапазоны дәл өзінің дауыс партияларына сәйкес үйлеспей қалады, мұның себебі, әншілік бағытта жаттықпағаннан болады. Сондықтан, үйірме бастығы әншілердің дауыстарын жете байқап дауыс партияларына сәйкес үйлестіру жағына өте сак болу керек. Егер де әншілердің даусы өзінің диапазонына қарай бөлінбесе,


әншілердің дауыстарын тез бұзып алуы мүмкін. Сондықтан ең алдымен әншілердің даусымен танысып, байқап алған жөн.

Хорға кірген, әншілердің дауыстарын дұрыс айыру үшін, үйірме бастығы мүмкіншілігінше әншілермен алдымен біраз жаттығу жұмыстарын жүргізеді.


Алғашқы жаттығу жұмыстарын бүтін жарты, ширек ноталарды (дыбыстарды) әндетіп айтудан бастау керек. Бұл жаттығу жұмыстары түрліше болуы мүмкін. Мысалы: дыбыстарды бүтін ноталармен айту, дыбыстарды квинта маңында, гамма бағытымен төменнен жоғары және жоғарыдан төмен қарай айтып жаттығу. Мұнымен қатар дыбыстарды кіші «арпеджио» мен айтып та жаттығу керек.

Қысқасы үйірме бастығы өзі де ән сала білуі және әншілердің дауыстарын жақсы біліп, оларды өз дауыстарына қарай дауыс партияларына бөле білу керек.

### ЖАТТЫҒУЛАРҒА МАТЕРИАЛ РЕТІНДЕ

1. 

2. Жай  



3. Асықпай  


4. Жай  


5. 

6. 





## ДИКЦИЯ<sup>1</sup>

Хорда әннің сөздерін дұрыс айтқызу хор жұмысындағы ең басты міндеттің бірі болып саналады. Хорды басқарушы әр уақытта да, әншілердің артикуляциялық аппаратын-дыбыс шығару мүшелерін (тіл, ерін, жақ) жаттықтыру жағына, яғни, икемділікке, орамдылыққа, еркін ұстауға тәрбиелеу керек, өйткені әннің сөздері дұрыс, анық естілмей қалуы мүмкін.

Әсіресе әрбір хор партиялары мен барлық хордағы бір типті (а, о, у, э, и, ы) дауысты дыбыстардың құрылуына анық айтылуы жағына көп көңіл аудару қажет; бұл бір типті дауысты дыбыстардың бірыңғай құрылуы дауыстардың жақсы шығуына, хор ансамбліне себепкер болады.

Дауысты дыбыстардың арасында кездесетін дауыссыз дыбыстарды анық, қысқа айту керек. Бұл кезде мүмкінінше айтылып жатқан әннің сапасы бұзылмайтын болсын. Әнде дауыссыз дыбыстардың ішінде әсіресе айтуға қиын к, п, т, ф, х және с, ш, ц, г, сияқты әндерге көңіл аудару керек.

Бірінші аталған бес әріп, кейде әннің мелодиясына кесел келтіреді, сондықтан бұл әріптерді ән үстінде өте берік және қысқа айту қажет, ал екінші аталған бес әріпті айтуда ерекше өзгешелік керек, әсіресе, с мен ш әріптерін байқап, қысқа айту керек. Сөздің аяғында кездесетін дауыссыз дыбыстар әр уақытта анық айтылуы қажет. Егер де буын дауыссыз дыбысқа

---

<sup>1</sup> Дикция - дыбыс шығарудағы сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) жетілуі.

бітетін болса, онда ол әріп кейінгі буынға көшеді. Мысалы: «Қу-а-ныш-ка бө-лен-ген әр кү-ні-міз» т.с.

Бір буындағы кездескен бірнеше дауыссыз дыбыстардың айтылуы жылдам, жеңіл және анық болуы керек.

Дирижер хор мүшелерін үйренетін ән сөздерінің дұрыс айтуға, көркемдік мазмұнына, мұнымен қатар, шығарманың барлық мәнерлігін жеткізе білуге тәрбиелеуі керек.

Хор мүшелерінің дикциясының дамып жетілуі, дирижердың жоғарғыдағы айтылған мақсатқа тез жетуіне көмек болады.

### III – БӨЛІМ

#### ХОРДЫҢ АНСАМБЛІ. АНСАМБЛЬ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК ПАРТИЯЛАР. АНСАМБЛІ МЕН ХОРДЫҢ АНСАМБЛІ

Партиялар ішіндегі жеке дауыстардың екпіні және ырғағы жағынан бір тұтас болып келуін және хордағы партиялар арасындағы дыбыстардың теңдесіп келуін ансамбль дейді.

Ансамбль хордағы әншілерден өз партиясының орындаушыларына сәйкес дыбыс екпіні және ырғағы дұрыс әрі үйлес келу жағын ескеруді тілейді.

Партиялардың әншілері хор дыбысында «өз орнын», бүкіл ұжымның ансамблінде өзінің арасалмағын таба білулері тиіс. Сонда партиялар өзара үйлесіп бір жерден шығып отырады. Партия бір кісідей айтатын болады.

Хордағы партиялар мен оның жеке дауыстарының арасындағы үнділігінің өзара теңдігін хордың ансамблі дейді.

Хордың ансамблі партиялардың жеке ансамблі мен хордың жалпы ансамблінің қосылуынан болады.

Ансамбль хорда ең негізгі элементінің бірі болғандықтан, дирижер әншілерді ансамбль сезімін арттыру жолында тәрбиелеуі керек.

#### АНСАМБЛЬ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕССИТУРАЛЫҚ<sup>1</sup> ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

Хордың ансамблі көбінесе тесситураның жағдайына байланысты, өйткені, қандай хор партиялары болмасын осы тесситурада болады. Хор партияларының дауыс диапазонын талқылағанда (II-бөлімді қараңыз) ең

---

<sup>1</sup> Орындалған шығарманың тұтас немесе бір бөлімдегі кездескен хор партияларының жалпы диапазонындағы дыбыс ретінің бір бөлігін тесситура дейді.

колайлы октавалық диапозон орталық дыбыс реті екенін көрдік. Бұл октавалық диапозон хорда көп пайдаланылады, сондықтан орта регистрдегі ансамбльге жету қиындыққа соқпайды, қайта қол жетерлік іс.

## ХОРДЫҢ СТРОЙЫ. ХОРДА ДАУЫСТАРДЫҢ ЖАРАСЫМДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Хорда әннің ырғағы дұрыс, өзара жарасымды болып шығуын хордың дауыстарының жарасымдылығы дейді.

Хордың дауыстар жарасымдылығы хор партиясының мелодиялық жарасымдылығы мен хордың жалпы гармонияның жарасымдылығына бөлінеді. Хор әншілерден өз партияларын орындағанда таза айтып дағдылануды тілейді. Адамның даусы музыка аспаптары - фортепиано мен баянның дауыстары сияқты әуелден белгілі бір дауыс күйіне түсіріліп қойылмайды, немесе дауыс ән айтар алдында скрипка, Виолончель, домбыра сияқты сазына келтіріліп бұрауға келмейді, дауыс есту мүшесіне байланысты; кей уақытта әсіресе әнді қатты шығарғанда әнші есту, сезімінің бір шамасынан жаңылысып кетеді. Сондықтан хормен айтылатын ән музыка аспабының сүйемелдеуінсіз айтуға жазылса немесе әнде кіріспе музыка болмаса, онда ән айтар алдында әншілерді әннің тональдігіне, әнді бастардағы үндестігіне жаттықтырып алу керек. Егер де хорға арналған шығарма әннің үндестігінен басталмайтын болса, онда әншілерге әннің басталатын бірінші дыбысын беру керек.

## ИНТЕРВАЛДАРДЫ ДҰРЫС, ТАЗА АЙТУ ӘДІСТЕРІ

Көп жылдар бойы, хордың ең жоғарғы орындаушылық түрі, әнді капелла - музыка аспабының сүйемелдеуінсіз айтуды байқау негізінде, мажор мен минордағы дыбыс ретімен кейбір жеке интервалдарды дұрыс, таза, айту әдістеріне біраз әдістемелік нұсқаулар белгіленеді. Әрине бұл әдістемелік нұсқаулар хордың барлық құбылыстарын тегіс қамти алмайды. Тек әншілердің таза айтуда кездесетін кейбір қиыншылықтардан өтуге ғана көмектеседі.

«Интервал» - екі дыбыстың ара қатынасы, алшақтығы. Бұл әдістемелік нұсқаулардың міндеті мынадай:

а) Таза интервалдар тұрақты айтылады. Яғни, таза прима, таза кварта, және әнде орындалу жағынан көп қиыншылық туғызбайды.

б) Үлкен интервалдар бірыңғай кең айтылады: Үлкен секунда, үлкен терция, үлкен секста, үлкен септима интервалдарын әншілер көбінесе дәл айталмайды, бұл үлкен интервалдарды дәл айтпаушылық кейде интонациялық жағынан бірыңғай кең айтуға тырыспаудан болады.

Берілген дыбыстан үлкен интервалды жоғары орындағанда, екінші дыбысты мүмкіншілігіне қарай жоғарырақ, кең айтуға тырысу керек.



Берілген дыбыстан үлкен интервалды төмен орындауда, екінші дыбысты мүмкінше төменірек айтуға тырысу керек.




Берілген екі мысалда дыбысты жоғары немесе төмен айту әдісі таяқшалармен (стрелка) белгіленген.

в) Кіші интервал бірыңғай қысыңқы айтылады. Кіші секунда, кіші терция, кіші секста, кіші септима интервалдары да көбінесе дәл айтылмайды, бұл кіші интонациялық жағынан бірыңғай қысыңқы айтуға тырыспаудан болады. Берілген дыбыстан кіші интервалды жоғары орындағанда, екінші дыбысты мүмкінінше төменірек айтуға тырысу керек.



Берілген дыбыстан кіші интервалды төмен орындағанда, екінші дыбысты мүмкінінше жоғарырақ айтуға тырысу керек.



г) Үлкейтілген интервал өте кең, яғни, бірінші төменгі дыбысты төменірек, екінші жоғарғы дыбысты жоғарғырақ айту керек.



д) Кішірейтілген интервалдар өте қысыңқы яғни, бірінші-төменгі дыбысты жоғары, екінші-жоғары дыбысты төменірек айту керек.



Үлкейтілген приманың хроматикалық жарты дыбысты (полутон) кіші секунданың жарты дыбыс айтудан гөрі өзгеше.

Берілген дыбыстан хроматикалық жарты дыбысты жоғары алғанда, екінші дыбысты мүмкінінше жоғарырақ айту керек; берілген дыбыстан хроматикалық жарты тонды төмен алғанда екінші дыбысты мүмкінінше төменірек айту керек.

## МАЖОРЛЫҚ ПЕН МИНОРЛЫҚ ЛАДТАҒЫ ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТУ ӘДІСТЕРІ

Интервалды дұрыс құбылтып айту әдістерін білу, хордың құбылыс жағдайын толық бере алмайды, өйткені, интервал өздігінен белгілі бір ладотональдік күйді көрсетпейді және болашақ түрлі ладотональдік басқыштарын, интонациялық маңызын өзгертуі мүмкін. Мәселен, до-мажордан, до және ми дыбыстары тоникалық үш дыбыстықтың (I және III басқыштарына) дыбыстарына жатады, ал фа – мажорда бұл до және ми дыбыстары доминанттықтың үндестігіне (V-VII басқыштарына) жатады, яғни ладтық басқыштарын өзгертеді, мұнымен қатар интонациялық маңызы да басқаша болады.


Лад, жағдайында дыбыстарды дұрыс, таза айту әдістерін меңгеруге түсіну үшін, келтірілген мысалдар жеткілікті.

### А. МАЖОРЛЫҚ ЛАДЫ

Мажордың I-ші басқышы тұрақты айтылады, және интонациялық жағынан ешбір қиындық туғызбайды.

II-ші басқышы секунда бағытымен, төменнен жоғары қарай орындалғанда (яғни I-ші басқыштан II-ші басқышқа жүргенде) әр уақытта жоғары айтылады; ал секунда мен жоғарыдан төмен түскенде (яғни, III-ші басқыштан II - ші басқышқа жүргенде) төменірек айту керек.

1.




III-басқышы - тоникалық үлкен терциясы болғандықтан, және III-басқыш өзінің алдағы дыбысымен қандай интервал құрайтынына қарамастан оны әр уақытта жоғары айту қажет.

2.



IV басқыш (тритонның) - үлкейтілген квартаның төменгі дыбысын құрайды, яғни IV яғни VII басқыштың арасы немесе VII мен IV басқыштың арасы кішірейтілген квинтаны құрайды. Сондықтан, бұл IV - басқышты асырмай, төменірек айту керек.

3. 

V - басқыш таза квинта болғандықтан, тұрақты орындалады және интонациялық жағынан ешбір қиындық туғызбайды.

VI - басқышты секунда бағытымен секунда төменнен жоғары қарай орындалғанда (яғни V басқыштан VI басқышқа жүргенде) жоғары айту керек, ал жоғарыдан төмен қарай, секунда мен орындалғанда (яғни VII басқыштан VI басқышқа жүргенде) төменірек айту керек. Кейде, мажордың бұл VI басқышты интонациялық жағынан дәл, таза шықпайды, бұл дәл шықпаушылық, көбінесе осы VI-басқышты жоғарырақ (айтудың әсерінен) айтпаудың әсерінен болады.

Сондықтан, бұл VI - басқышты әр уақытта жоғары айтуды ұсынамыз.

4.

VII - басқыш, I - басқышқа апарып қосатын (вводный) тон дыбыс болғандықтан, әр уақытта жоғары айтылуы тиіс.

5.


Гармониялық мажордың төмендетілген VI басқышы натуралды (өзгертілмеген) мажордың VI басқышына қарағанда әр уақытта төмен айтылуы ерек.

6. 

Натуралды - (өзгертілмеген) мажорлық немесе минорлық ладтың қандай басқыштары болмасын, оның жоғарылығын өзгертетін альтерация белгілері сол өзгерілген басқыштарды орындауда жана интонациялық принцип туғызады. Дыбысты жоғалтатын альтерация белгісі тұрған дыбысты жоғарлатып, төмендететін альтерация белгісі тұрған дыбысты төмендетіп орындау керек.

Бұл интонациялық талқылау бөлімінің аяғында мажорлық ладтағы дыбыстарды орындауда до- мажор дыбыс қатарының жалпы таблицасын келтірдік, мұнда нотаның үстіндегі жоғары көрсетілген таяқша сол нотаның жоғары айтуды, нотаның астындағы төмен көрсетілген таяқша нотаны төмен айтуды көрсетеді, нотаның сол жағындағы, төмен және оң жағындағы жоғары көрсетілген таяқшалар екі түрлі түсінік береді, оларды берілген дыбыстың қозғалысының интервалдық ерекшеліктеріне қарай орындау керек. Таяқшалары жоқ дыбыстар интонациялық жағынан тұрақты орындалу керек екенін көрсетеді.

7.



## Б. МИНОРЛЫҚ ЛАД


Мажорға қарағанда минорлық ладтың кейбір өзгеше ерекшеліктері бар. Минорда мажорға қарағанда, интонациялық жағынан кателік көп кездеседі, яғни дыбыстарды таза айту біркелкі қиынға соғады; хорға стройды - дыбыстың таза шығуын, дауыстардың бір шығуын минорда сақтап тұру оңай емес. Минорда интонациялық күш өте күрделі.

Бұл күрделілік тоникалық үш дыбыстағы дыбыстардың интонациялық жағынан тұрақсыздығы нәтижесінен болады.

Минорлық ладтың дыбыстарын дұрыс айту әдісі әдістемелік бақылау нәтижесінде ғана анықталады. I - басқыш тоникалық негізгі дыбысы болса да, оны жоғары айту керек.


II - басқыш, параллельдік мажордың бірінші басқышына апарып қосатын (вводный) тоны-дыбысы болса да, оны жоғары айту керек.

1.



III - басқыш төмен айтылуы керек.

2.



IV - басқыш төменнен жоғары, секунда бағытымен орындалғанда (яғни, III - басқыштан IV - басқышқа жүргенде) жоғары, ал жоғарыда, (яғни, V - басқыштан IV - басқышқа жүргенде ) төменірек айту керек.

3.

III IV V IV

V - басқыш, параллельдік мажорлық III басқышы болғандықтан, жоғары айтылуы керек.

4.

III V I V VI V IV V

Натуралды - (өзгертілген) минордың VI - басқыштың төменірек айтылуы керек.

5.

I VIнат II VIнат IV VIнат

6.

I VIмел. III VIмел. IV VIмел. II VI IV VI


Мысалы: Натуралды минордың VII-басқышын төменірек айту керек.

7.

I VIIнат. V VIIнат. VI VIIнат. II VIIнат

Мелодиялық және гармониялық минордың VII-басқышын жоғары айту керек.

8.



Бұл интонациялық талқылау бөлімінің аяғында минорлық ладтағы дыбыстарды орындауда ля-минор дыбыс катарының жалпы үлгісін келтірейік. Мұндағы, көрсетілген белгілер мажордағы мысалмен бірдей:

9.



Альтерация белгісі интонация жағынан өзінің әсерін мажормен қатар минорға да тигізеді; мұнда да, дыбысты жоғарылататын альтерация белгісі тұрған дыбысты жоғарлатып, төмендететін альтерация белгісі тұрған дыбысты төмендетіп орындау керек.


## ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮНДЕСТІГІН ҚҰБЫЛТЫП АЙТУ ӘДІСІ

Дыбыстарды дұрыс құбылтып айту принципі жазық мелодиялық және тік гармониялық жарасымдылығына бірдей болады. Егер де; бір үндестікті алсақ, оны құбылтып айту сол үндестікті құрайтын дыбыстардың интервалдағы мен дыбыстардың әрқайсысының қай ладқа жататынына байланысты.

Сөйтіп, гармониялық және мелодиялық түрдегі тұрған дыбыстарды дұрыс құбылтып айтылу принципі бірдей болады.

Төменде әр дыбыстарды дұрыс құбылтып айту белгілерімен до-мажор мен ля-минор да үндестіктер берілді. Бұл үндестік гармониялық жазылумен қатар мелодиялық жазылуында да беріліп отыр. Сондықтан, төмендегі келтірілген мысалдарда дыбыстарды дұрыс құбылтып айтылу әдістері бірдей болады.

1.





Бірінші, негізгі берілген дыбыс болғандықтан таяқшамен белгіленбейді.

## ИНТОНАЦИЯЛЫҚ ХОР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА БАҒЫНЫШЫ

Әнде дыбыстардың интонациялық жағынан таза, дәл шығуы тек қана мелодиялық немесе гармониялық айналымының интервалдық пен ладтың басқыштары құрылысына ғана бағынышты емес, ол төмендегі мына себептерге де байланысты.

1. Метроритмикалық құбылысы мен оның қиындық дәрежесіне байланысты: қиын ритмикалық қозғалыс әнді интонациялық таза, тұрақты, дәл айту жағына кедергі туғызады.

2. Гармониялық құрылысына байланысты; саздық шығарманың гармониялық тілі анық, жеңіл болған сайын, хорға интонациялық жағынан таза, дәл айту жеңіл болады.

3. Дауыс жүргізу ретіне байланысты: әнде дауыс бір қалыпта, тегіс жүргізілген болса, онда интонациялық жағынан таза, дәл айту жеңіл болады.

4. Екпінге байланысты: әнде жылдам жүретін екпіннен гөрі бір қалыпты жүретін екпінде интонациялық жағынан таза, дәл айтуы жеңілге соғады.

5. Тисситуралық жағдайға байланысты: өте жоғары немесе өте төмен регистрдегі дыбыстарды интонациялық жағынан таза, дәл айту оңайырақ түседі.

Бірақ, хордың дауыстар жарасымдылығына бұл аталған дәрежелі факторлар ғана әсер етіп қоймайды.

Хордың дауыстар жарасымдылығына дикция-текстің әнге ыңғайлығы, қысқа немесе ұзақ тыныс, хор ансамблінің-қалыпты немесе жасанды түрлері, мұнымен қатар саздық шығармаларға тональдікті таңдап алу да әсерін тигізеді. Өйткені, кейбір тональдік хор үшін ыңғайлы, ал кейбір тональдік хорға ыңғайсыз.

## IV - БӨЛІМ

### ХОРДЫ ДИРИЖЕРЛЫҚ ӘДІСПЕН БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ. ДИРИЖЕРЛЫҚ АППАРАТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Дирижер деп басқарушыны, яғни саздық шығарманы дұрыс орындатып шығатын үйірме бастығын айтамыз.

Басқарушы - дирижер өзінің (жест) - қимылы арқылы орындаушы ұжымға әсер етеді.

Дирижерлық шеберлік әр уақытта дирижерлық қимылдың негізгі техникасын үйреніп дағдыланудан басталады. Енді, дирижерлық аппараттың негізгі қимылдарымен танысайық. Дирижер қолының қозғалыстарын біркелкі тез, бірақ аса қатты құлаштамай, үнемі, дәл және белгілі бір қозғалыста болу керек.

Дирижер әнді дирижерлық қимылмен басқарып тұрғанда, бет алды ашық, кейде мимикалық қозғалысты және орындаушыларға батыл қарап тұрғаны жөн.

Дирижер орындалатын саздық шығарманың партитурасын жатқа білу керек.

Дирижердың ерні дикциялық жағынан жаттығып, кейде ешбір дыбыссыз сөйлей алатын болуы керек. Дирижердің денесі, кеудесі, нығы тұзу, берік тұруы керек. Дирижер хорды басқарып тұрғанда, денесі жан-жаққа шайқалып бұландамауы керек.

Дирижердың есту қабілеті, сезімі жақсы жетілген болуы керек.

Дирижер бір дауысты, екі, үш, төрт дауысты хорды басқарып айтқызығанда оның әр дауыстарын жақсы естіп, бұзып тұрған дауыстарды тез түзеп және сол дауыстарды жеке айтып, көрсетіп бере алатын болуы керек.

### ӨЛШЕУЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ДИРИЖЕРЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ

Музыка шығармасын дирижерлық қимылмен басқаруға кіріспес бұрын, әуелі саздық шығармада кездесетін өлшеулердің негізгі құрлысы мен оның дирижерлық жүйелерін (схема) біліп алу керек.

#### А. ОҢАЙ ӨЛШЕУЛЕР

Оңай өлшеулер тобына, өзінің құрылысында бір күшті үлес пен бір немесе екі жай үлесті өлшеулер, яғни, екі және үш үлесті өлшеулер жатады.

Екі үлесті өлшеулерге мынадай бөлшекті түрлері болады.


$$\frac{2}{2} ; \frac{2}{4} ; \frac{2}{8} ; \frac{2}{16}$$

Бұл бөлшектермен жазылатын музыканың әрбір тактысында екі үлес болады. Оның бірінші үлесі қатты, екінші үлесі жай болады.


Екі үлесті өлшеудің дирижерлық қимылмен көрсеткенде, тактының күшті үлесім дирижердың қолының қимылы төмен түседі, жай үлесіне жоғары көтеріледі.


Бұл жағдайда екі үлесті өлшеудің дирижерлық көрсету жүйесі (схема) мынадай болады.


Сол қол:





Оң қол:



$\frac{2}{2}$  бөлшекпен жазылған өлшеуде қолдың 2 қолдың әрбір қимылына жарты нотадан келеді - 

$\frac{2}{4}$  бөлшекпен жазылған өлшеуде 4 қолдың әрбір қимылына бір ширектік нотадан келеді - 

$\frac{2}{8}$  бөлшекпен жазылған өлшеуде қолдың әрбір қимылына бір сегіздік 8 нотадан келеді - 

$\frac{2}{16}$  бөлшекпен жазылған өлшеуде қолдың әрбір қимылына бір он 16 алтылық нотадан келеді - 

Екі үлесті өлшеудің бірінші үлесі қолдың төмен қимылының нүктесінен (1-ші санынан) басталып, екінші қимылдың жоғарғы нүктесінен (2-ші санынан) бітуі керек.

Екінші үлесті жоғарғы нүктеден (2-ші санынан) басталып, бірінші үлестің басталар алдындағы нүктеден (1-ші санынан) бітуі керек.


Сөйтіп, өлшеудің әрбір үлесінде басталар нүктесі мен аяқталу нүктесінің ұзақтығы болады.


Дирижердың өлшеудегі әрбір үлесті көрсетудегі қолының қимылы әр уақытта өзара тең, дәл болып отыруы керек. Мұнымен қатар, хорды дирижердың қимылымен басқарғанда, қолының қатысуына қарамастан, негізгі үлесті қолдың буынымен көрсетіп отыруы керек. Бұл екі үлесті өлшеу (жүйесіндегі) айтылған дағдылар басқа да, барлық дирижерлік өлшеулерде пайдаланылады. Тактының жай үлесіне қарағанда, қатты үлесіне әр уақытта акцент жасап тұру керек.


Үш үлесті өлшеуде үш үлес болады. Оның бірінші үлесі қатты акцентті, қалған екі үлесі жай акцентті болады.


Үш үлесті өлшеуде мынадай бөлшекті түрлері болады.

$\frac{3}{2}$ ;  $\frac{3}{4}$ ;  $\frac{3}{8}$ ;  $\frac{3}{16}$ ;

3; бөлшекпен жазылған өлшеуде қолдың әрбір қимылына жарты  
2 нотадан келеді – 

3; бөлшекпен жазылған өлшеуде қолдың әрбір қимылына бір ширек-  
4 тік нотадан келеді – 


3; бөлшекпен жазылған өлшеуде қолдың әрбір қимылына бір сегіздік  
8 нотадан келеді – 

3; бөлшекпен жазылған өлшеуде қолдың әрбір қимылына бір он  
16 алтылық нотадан келеді – 


Үш үлесті өлшеудің дирижерлық көрсету жүйесі мынадай болады:

Жүйедегі сандар әр үлестің басталуын, ал таяқшалар үлестің созылуын көрсетеді.

Сол қол:



Оң қол:



Жоғарыдағы екі үлесті өлшеудегі айтылған дағдылар үш үлесті өлшеуде де қолданылады.


### Б. КҮРДЕЛІ ӨЛШЕУЛЕР

Төрт үлесті өлшеуде мынадай бөлшекті түрлер болады:

$\frac{4}{2}$ ;  $\frac{4}{4}$ ;  $\frac{4}{8}$ ;  $\frac{4}{16}$

Төрт үлесті өлшеудің дирижерлық көрсету жүйесі мынадай болады:

Сол қол:




Оң қол:



Төрт үлесті өлшеудің бірінші үлесі күшті акцентті үлес болып саналады; екінші үлесі жай болады; үшінші үлесіне түсетін акцент орташа күште болады; төртінші үлесі жай болады.


Алты үлесті өлшеуде мынадай бөлшекті түрлер болады:  $\frac{6}{8}$ ;  $\frac{6}{4}$



Бұл алты үлесті өлшеуде акцент бірінші мен төртінші үлеске түседі.

Тоғыз үлесті өлшеуде мынадай бөлшекті түрлер болады;  $\frac{9}{4}$ ;  $\frac{9}{8}$

Тоғыз үлесті өлшеудің дирижерлық көрсету жүйесі мынадай болады.



Бұл тоғыз үлесті өлшеуде акцент бірінші, төртінші және жетінші үлестеріне түседі.

## ЕКПІНДЕР

### ЖАЙ ЕКПІНДЕР

Largo (лярго) – кең, созылыңқы, өте жай

Adagio (адажио) – жай, ептеп, биязы

Grave (граве) – мұнды, ауыр салмақпен

Lento (ленто) – жай, созылыңқы.

### ОРТАША ЕКПІНДЕР

Andante (анданте) – баяу, асықпай

Andantino (андантино) – баяу, біркалыпты

Moderato (модерато) – біркалыпты, асықпай

Allegretto (аллегретто) – тезірек, аса жылдам емес.

### ЖЫЛДАМ ЕКПІНДЕР

Allegro (аллегро) – шабытты, тез қарқынды



Vivo (виво) – тез, шапшаңырақ

Vivace (виваче) - өте тез

Presto (престо) – шапшаң, тез

Prestissimo (престиссимо) – аса жылдам, ең шапшаң екпін.

## МУЗЫКАДАҒЫ ДИНАМИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КӨРСЕТЕТІН БЕЛГІЛЕР

Жазылуы	Айтылуы	Қыскартылған жазылуы	Қазақша айтылуы
Piano	пиано	p	ақырын
Pianissimo	пианиссимо	pp	өте ақырын
Forte	форте	f	қатты
Fortissimo	фортиссимо	ff	өте қатты
Mezzo piano	меццо-пиано	mp	сәл қаттырақ
Mezzo forte	меццо-форте	mf	орташа қатты
Crescendo	крещендо		дауысты бірте-бірте күшейту
Diminuendo	диминуендо		дауысты бірте-бірте бәсеңдету
fforzando	сфорцандо	sf	Бірден, кенет жеке дыбысты, не аккордты ерекше бөліп ойнау

## ФЕРМАТА.

Дыбыстык немесе тыныс белгісінің созылуын ұзартатын белгіні - фермата дейміз. Фермата нотаның немесе тыныс белгісінің үстінде жазылады. Ферматаның жазылуы мынадай болады. ♪

Дыбыста түсірілген және түсірілмейтін фермата болады.

Түсірілген фермата көбінесе саздық шығарманың аяқ кезінде, ең соңғы дыбысында немесе аккордында болады.

Дирижер ферматамен көрсетілген дыбысты тиісті уақыт созып тұрып, саздық шығарманы аяқтайтын болады.

Түсірілген фермата саздық фразаның немесе сөйлемнің аяғында болуы да мүмкін. Бұдан кейін де саздық материал жүре береді.

Түсірілмейтін фермата көбінесе саздық фразаның, сөздің ортасында болады. Түсірілетін ферматаны бітіргеннен кейін ғана хордың тыныс алуына болады. Ал, түсірілмейтін ферматаны бітіргеннен кейін тыныс алуға болмайды. Тыныс белгілерінің созылуын ұзартады. Хор әдебиетінде бұл айтылған ферматалардан басқа, ноталардың арасында, такт сызықтарының алдында кездесетін ферматаларда болады. Мұндай фермата тұрған жерде кішкентай, еркін ғана кідіріс жасалады.

## ЭННІҢ БАСТАЛУЫН КӨРСЕТУ

Дирижердың хорды басқаруда ең жауапты міндеттерінің бірі саздық шығарманың басталуын, яғни хордың бастап айтып кетуін көрсетеді.

Енді дирижер эннің басталуын хорға қалай көрсету керек, міне соған келейік. Дирижер эн салуға даяр тұрған хордың алдына аз кідіріп тұрады, бұдан кейін оң қолын немесе екі қолын қатар жоғары көтеріп, әзірленіп тұрады (қол көтергенде иықтан жоғары болмасын).

Бұл кезде хор дирижердың қолына қарап, әнді бәрі бір бастауға әзірленіп, тым-тырыс тұрады. Дирижер хордың әнді бастауға әзірленіп тұрғанын байқап өткеннен кейін, әнді бастайтын болады.

Әнді бастағанда дирижерлық қозғалыс эннің өлшеуіне байланысты көрсетіледі. Егер де, эннің өлшеуі  $2/4$ ; екіге жүретін болса, дирижердың қолының қозғалысы эннің өлшеуінің бірінші үлесіне жоғарыдан төмен түседі, екінші үлесіне жоғары көтеріледі.

Эннің өлшеуінің бірінші үлесіне дирижердың қолының қозғалысы төмен түскенде хор іштеріне лезде дем алып, әнді бәрі бірден бастап кететін болады.

Хордың демалуын дирижердың қозғалыспен көрсетуінің ерекше қиындығы сол, дирижер хорды бастаған кезде-ақ шығарманың орындалу сипатымен, екпінімен динамикалық шарт белгілерімен білдіреді. Сондықтан, тыныс алуды көрсететін дирижерлық қозғалыс эннің басталатын екпіні мен

сипатында болуы керек. Тыныс алуды көрсету қозғалысы әннің басталар алдындағы үлесі болып саналады.

Әннің бірден басталуын көрсету, хор басқаруда ең қауіпті міндетінің бірі болып саналады. Сондықтан, әншілердің бастапқы тыныс алуы мен әннің басталуын көрсету өзара тығыз байланысты.

Кейде әншілердің тыныс алысын дәл уақытында көрсетпеушілік, әннің дұрыс басталу шартын бұзады. Қорытып айтқанда әннің басталуын дирижерлік қимылмен көрсету мына негізгі кезеңдерден құралады;

1. Дирижер әншілердің назарын өзіне аударады;
2. Дирижер хордың барлық назарын қолына аударады.
3. Әннің бастар үлесінің алдында әншілердің тыныс алысын көрсетеді;
4. Әннің бірден басталуын көрсетеді.

### ӘННІҢ БАСТАЛУЫН БҮТІН ТАКТЫДАН ТЫС (ҰСАҚ ҮЛЕСІНІҢ) КӨРСЕТУ

Ән көбінесе тактының бірінші күшті үлесінен басталады. Ал, кейде ән жарты тактыдан, жай үлесінен де басталады. Бұл жағдайда, дем алуды көрсетудің екі түрлі жолы бар. Бірінші жолы; дирижер әннің басталуын көрсететін үлестің алдындағы ескерту үлесіне аз қимыл жасай отырып, әннің басталатын нақты ұсақ үлесін акцентпен көрсететін болады. Екінші жолы; дирижер әннің басталар алдында ешбір ескертулерін көрсетпей-ақ, әнді тікелей акцент жасап ұсақ үлесінен көрсетіп бастайтын болады.

Әннің басталуын көрсететін бұл екі түрлі жолы - хор практикасында бірдей пайдаланылады. Бір еске алатын нәрсе, әннің басталуын көрсетудің екінші жолын игеру, дирижер мен хорға өте үлкен жауаптылық артады, өйткені бірінші жолы әннің басталуы алдында ескерту қимылдарымен қатар, бірден әннің екпінін де көрсетеді.

Әннің басталатынын көрсететін ұсақталған үлесі неғұрлым қысқа болған сайын, дирижердің әнді басталуда көрсететін қимылдарымен акценті де қысқа, әрі жігерлі болуы керек.

Егер де, хордың (қатты немесе жай үлесінен басталуына қарамастан) аспаптық кіріспе музыкасы болатын болса, ол әннің басталуына көп жеңілдік туғызады, өйткені кіріспе музыка әннің мелодиясын, тональдігін, екпінін, өлшеуін және басталатын дыбысына шейін алдын – ала білдіріп отырады. Хорда аспаптық кіріспе музыка ойналғанда, біріншіден әншілердің барлық назарын кіріспе музыкаға аударып, екіншіден әнді бірден бастап айтып кету жағына мұқият қарау керек. Қысқасы, дирижер хорға арналған саздық шығарманың біртұтас көркем шығарма екенін еске ала отырып әннің жеке өзін ғана басқарумен тынбай, оның аспаптық кіріспе музыкасы мен хордың аяқталу музыкасын да бір қосып басқара білу керек.

## ӘННІҢ АЯҚТАЛУЫН КӨРСЕТУ

Дирижер хорды басқаруда тағы да жауапты бір міндеті – музыка шығармасының аяқталуы хорда түгел бір уақытта және музыка шығармасының сипатына сай бітуі керек. Енді, дирижердің әннің аяқталуын хорға көрсету жолын түсіндірейік.

Ән аяқталардан аз уақыт бұрын, дирижер әннің аяқталуын хорға өзінің мимикалық қозғалысымен ескертіп қояды. Хор әнді бастаған кезде дирижердың қолына қарайтын болса, ән аяқталар кезде де дирижерға назарын аударады. Ән аяқталардағы өлшеуінің бір үлесінен бұрын дирижер әнді бітіруге ақтық қимыл көрсетеді. Бұл қимыл әннің сипатына, аяқталар кезіндегі екпініне сай берілгені жөн, өйткені әннің аяғы тым жайлап кетсе, хор жаңылысып соның әсерінен жартысы бұрын, жартысы соңынан бітіруі мүмкін.

Сондықтан, әннің аяқталуын біркелкі екпінде аяқталатын дыбысты толық айтып бітіруі керек. Басқаша айтқанда, әннің аяғындағы дыбыс ширектік нота болатын болса, дирижердың қолы екінші ширектік нотада бітетін болады. Бұл кезе хор әнді бірден аяқтайтын болады. Ал, әннің аяғы жартылық нотамен бітетін болса, дирижердың қолы бұл жартылық нотаны хорға толық санап көрсетеді де қолы үшінші санға бітеді. Бұл кезде, хор әннің аяғындағы жартылық нотаны, толық айтады да, дирижердың қолы үшінші санға біткенде, хорда әнді аяқтайтын болады. Сөйтіп, әннің аяқталуын осылай көрсетуге болады.

## V – БӨЛІМ

### ХОР ЖЕТЕКШІСІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАҢЫҢ ПАРТИТУРАСЫН ҮЙРЕНУДЕГІ ЖҰМЫС

#### ДИРИЖЕРДЫҢ ПАРТИТУРАМЕН ТАНЫСУЫ

Дирижер музыкалық шығарманы хормен жұмыс жасаудан бұрын, музыкалық шығармамен танысып, алдымен шығарманы жақсы үйреніп алуы керек. Дирижер хор партитурасын үйренуі екі кезеңнен тұрады: бірінші – дирижердың партитураны өздігінен үйренуі; екінші – үйренген шығарманы хорға үйрету. Үйретілген музыкалық шығарманы толық меңгеру үшін, оның музыкасы мен текстін білумен қатар, әнді жазған композитордың шығармашылығы немесе халық әні болатын болса, ол халықтың әншілік шығармашылығымен де танысқаны жөн. Әнді бастап үйренгенде, әуелі әннің текстін толық үйреніп алып, кейін музыкасын үйренуге көшу керек.

Музыкалық теориялық талдау, үйрену жағына мыналар кіреді: шығарманың музыкалық тематика жағын талқылап, оның музыкасы мен

текстінің өзара байланыстылығын, музыкалық формасын, ладотональдық жоспарын, өлшеуін білу; әннің екпінін, гармониясын, дұрыс жүргізу ретін, орындалу мәнерлігін толық білу. Әр партиялардың дауыс мөлшерін, ерекшеліктерін, тесситурасын білу, әндегі ырғақтылық пен түрлі интервалдарды интонациялық жағынан таза, дәл айту сияқтылар жатады. Әннің әр дауыс партиясында ән үстінде дем алатын жерлерін де белгілеу керек. Әнді музыкалық теориялық, әншілік жағынан талқылап түсініп алғаннан кейін, дирижер әннің көркем орындалу жоспарын, текстінің музыкамен байланысын, екпінін, динамикалық шарт белгілерін, әнді дирижерлік қимылмен басқару әдістерін біліп алу керек.

Міне осымен дирижердың партитурамен танысу кезеңі бітіп, музыкалық шығарманы хорға үйрету кезеңі басталады.

## МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАНЫ ХОРМЕН БІРГЕ ҮЙРЕНУ.

Шығарманы хорға үйреткенде әннің техникалық жағы мен көркемдік орындалу жағына бірдей дағдыландырып отыру керек. Шығарманың техникалық жағын меңгеру жөнінде дирижердың педагогикалық шеберлігі ерекше көрінуі керек. Үйретілген музыкалық шығарма және оны жазған композитордың өмірі мен шығармашылығы туралы кіріспе әңгіме. Әннің тексті жазған автор туралы қысқаша әңгіме. Музыкалық шығарманы хорға үйретудегі әдіс-тәсілдері:

1. Музыкалық шығарманың техникалық жағын талдау;

а) сабақ барлық дауыс партияларымен бір уақытта немесе жеке өткізілген кезде де партиялардың әрбір дауыстарымен әнді жеке-жеке үйрету;

ә) ерлер мен әйелдер немесе сопрано мен тенорларды бірыңғай альт пен бас партияларын қосып бірыңғай үйрету;

б) үйренген партияларды жеке және барлық хормен бірге қосып айтқызу;

1. Хордың құрлысы мен ансамбльді дұрыс шығару жұмысы.

2. Дикцияны дұрыс шығару жұмысы.

Текстің жетілген артикуляциялық шеберлікте дирижердың басқаруымен музыканың ырғағында оқып үйрену. Дикция анық болу үшін. Хор жетекшісі шығарманы үйретер алдында, оны әр бөлікке немесе бөлімге, сөз тізбектеріне (фразаларына) бөліп алып үйретудің үлкен пайдасы бар, тіпті оларды нөмірлеп қоюға да болады. Хор шығармасын үйретудің ең тиімді әдісі сольфеджиомен бастап үйрету, бұл әншілердің әр дыбысты таза интонациялауына жәрдемдеседі. Жоғарыда айтылғандай сөз тізбегімен, немесе бір тұжырымды аяқталған сөйлем, бөлімдерді әр партияға жеке-жеке үйретіп, сол бөлімді игерген жағдайда қосып айтқызып көреміз. Хор шығармасындағы партияны интонациялық жағынан қиын жерлеріне, ырғақтық, жылдам айтылатын сөздер (дикция) қиыншылығы кездесетін жерлерімен жетекшіге өте тыңғылықты жүргізуді қажет етеді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жакеева Б. «Хор үйірмесімен жұмыс» Алматы «Өнер» 1988 ж
2. Ахметова Г. А. Молодов «Хорға арналған шығармалар» А. «Жалын» 1976 ж
3. Тен Чу 1-2 бөлім «Казахские песни»
4. Абуова К. «Хор жүргізу» А - 1993 ж
5. Краснощеков В. «Вопросы хороведения» Москва - 1967 г
6. Соколов В. «Работа с хором» М. Музыка – 1983 г
7. Чесноков П. «Хор и управление им» М. - 1940 г
8. Мусин И. «Техника дирижирования» Л. Музыка 1967 г
9. Әсембекова К. «Хорға арналған шығармалардың кейбір ерекшеліктері» А – 1979 ж
11. Дмитревский Г.А. «Хороведение и управление хором» А - 1955 г
12. Дмитревский Г.А. «Хор және оны басқару. Негізгі курс» Аударған Б. Ғизатов. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы Алматы, 1956 ж

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
I – БӨЛІМ.....	4
БІРЫҢҒАЙ ЖӘНЕ АРАЛАС ХОР. ХОРДЫҢ ПАРТИЯСЫ .....	4
ХОРДАҒЫ ПАРТИЯЛАРДЫ ДИВИЗИЯЛАРҒА БӨЛІП АЙТУ .....	4
БІРЫҢҒАЙ ХОРЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ.....	4
А. БІРЫҢҒАЙ БАЛАЛАР ХОРЫ. ....	4
Б. БІРЫҢҒАЙ ӘЙЕЛДЕР ХОРЫ. ....	5
АРАЛАС ХОР.....	9
ХОРДЫҢ САН ЖАҒЫНАН ҚҰРАМЫ.....	11
ХОРЛАРДЫҢ ӘР ТҮРЛЕРІ .....	13
II – БӨЛІМ .....	13
ХОР ПАРТИЯСЫНЫҢ ДИАПОЗОНЫ.....	13
ХОРДА ӘНШІЛЕРДІ ДАУЫСТАРҒА БӨЛУ ЖӘНЕ ХОРҒА ЖАТТЫҒУ... ..	19
ДИКЦИЯ .....	22
III – БӨЛІМ .....	23
ХОРДЫҢ АНСАМБЛІ. АНСАМБЛЬ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК	
ПАРТИЯЛАР. АНСАМБЛІ МЕН ХОРДЫҢ АНСАМБЛІ .....	23
АНСАМБЛЬ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕССИТУРАЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА	
БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ. ....	23
ХОРДЫҢ СТРОЙЫ. ХОРДА ДАУЫСТАРДЫҢ ЖАРАСЫМДЫЛЫҒЫ	
ТУРАЛЫ ТҮСІНІК .....	24
ИНТЕРВАЛДАРДЫ ДҰРЫС, ТАЗА АЙТУ ӘДІСТЕРІ.....	24
МАЖОРЛЫҚ ПЕН МИНОРЛЫҚ ЛАДТАҒЫ ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТУ	
ӘДІСТЕРІ.....	26
А. МАЖОРЛЫҚ ЛАДЫ.....	26
Б. МИНОРЛЫҚ ЛАД. ....	28
ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮНДЕСТІГІН ҚҰБЫЛТЫП АЙТУ ӘДІСІ .....	30
ИНТОНАЦИЯЛЫҚ ХОР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА	
БАҒЫНЫШЫ. ....	31
IV-БӨЛІМ.....	32
ХОРДЫ ДИРИЖЕРЛЫҚ ӘДІСПЕН БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ.	
ДИРИЖЕРЛЫҚ АППАРАТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК. ....	32
ӨЛШЕУЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ДИРИЖЕРЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ.....	32
А. ОҢАЙ ӨЛШЕУЛЕР.....	32
Б. КҮРДЕЛІ ӨЛШЕУЛЕР.....	34
ЕКПІНДЕР .....	36

ЖЫЛДАМ ЕКПІНДЕР .....	36
МУЗЫКАДАҒЫ ДИНАМИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КӨРСЕТЕТІН БЕЛГІЛЕР.....	36
ФЕРМАТА.....	37
ӘННІҢ БАСТАЛУЫН КӨРСЕТУ.....	37
ӘННІҢ БАСТАЛУЫН БҮТІН ТАКТЫДАН ТЫС ( ҰСАҚ ҮЛЕСІНІҢ) КӨРСЕТУ.....	38
ӘННІҢ АЯҚТАЛУЫН КӨРСЕТУ .....	39
V –БӨЛІМ .....	39
ХОР ЖЕТЕКШІСІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАНЫҢ ПАРТИТУРАСЫН ҮЙРЕНУДЕГІ ЖҰМЫС. ....	39
ДИРИЖЕРДЫҢ ПАРТИТУРАМЕН ТАНЫСУЫ.....	39
МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАНЫ ХОРМЕН БІРГЕ ҮЙРЕНУ.....	40
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР: .....	41